

1. Тыңдаңыз, есте сақтаңыз.

жылу
 толқын
 тоқ
 сәуле
 балшық
 әдіс
 ультрадыбыс
 жолдама
 төсек
 шымылдық
 емдеу
 булау
 уқалау

2. Тыңдаңыз, есте сақтаңыз.

ультрадыбыстық толқын
 жолдама беру
 шымылдықты жабу
 төсекке жату
 денені бос ұстау
 емдеу әдісі
 емдеу шарасы
 жылу терапиясы
 балшықпен емдеу

145

3. Қажетті сөздерді жазыңыз.

_____ беріңіз.
 _____ жабыңыз.
 _____ жатыңыз.
 _____ бос ұстаңыз.
 _____ терапиясын алыңыз.
 _____ емделіңіз.



денені

жылу

балшықпен

төсекке

шымылдықты

жолдама

4. Сұқбатты рөлге бөліп оқыңыз.

А

– Сәлеметсіз бе!

– Сәлеметсіз бе!

– Қандай мәселемен келдіңіз?

– Тізем ауырады.

– Сізге жолдама бар ма?

– Иә, бар, мінекейіңіз.

– Төсекке жатыңыз. Медбике тізеге ультрадыбыстық толқын қояды.

– Жақсы, рақмет!

– Ем болсын.



147

В

– Қайырлы күн!

– Қайырлы күн!

– Қандай шағымыңыз бар?

– Тамағым ауырады.

– Сізге жолдама бар ма?

– Мінекейіңіз.

– Бұрын физио ем алып көрдіңіз бе?

– Иә.

– Жақсы, орындыққа отырыңыз. Тамағыңызға бұмен ингаляция жасаймыз.

– Жақсы, рақмет.



148

5. Сұқбатта кездескен жаңа сөздерді теріп жазыңыз.

6. Берілген сөз орамдарының көмегімен сұқбаттасыңыз.

Қай жеріңіз ауырады?

Балшықпен емдеу терапиясын алыңыз.

Жолдамаңызды беріңіз.

Орындыққа отырыңыз.

Денеңізді бос ұстаңыз.

Бұрын физио ем алып көрдіңіз бе?

Ультрадыбыстық толқын қоямын.

Лексика – грамматика

A1 ҚАРАПАЙЫМ ДЕҢГЕЙІНЕ АРНАЛҒАН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. «Очки» сөзінің аудармасын белгілеңіз.

- A) көз
- B) дәке
- C) дәрігер
- D) көзілдірік

2. Сұрақтың жауабын табыңыз. Сіздің салмағыңыз қанша?

- A) 45 келі.
- B) 155 см.
- C) 120/80
- D) 25-те

3. Сөйлемді толықтырыңыз. Менің _____.

- A) жүрегің
- B) жүрегім
- C) жүрегіңіз
- D) жүрегі

4. Сөйлемді толықтырыңыз. Сенің _____.

- A) өкпем
- B) өкпең
- C) өкпеңіз
- D) өкпесі

5. «Врач, легкие, сердце, скелет» сөздерінің аудармасы.

- A) дәрігер, өкпе, жүрек, бүйрек.
- B) дәрігер, өкпе, жүрек, қаңқа.
- C) дәрігер, қан, жүрек, бүйрек
- D) дәке, өкпе, жүрек, қаңқа.

6. Сөйлемді толықтырыңыз. _____ қанша?

- A) бойыңыз
- B) көзі
- C) жүрегі
- D) өкпем

 7. Дұрыс нұсқасын табыңыз.

110/80

- A) жүз жиырма да тоқсан
- B) жүз он да сексен
- C) жүз де сексен
- D) жүз де тоқсан

 10. Сөйлемді толықтырыңыз.

_____ бойым 156 см.

- A) менің
- B) сенің
- C) сіздің
- D) оның

 8. Сөйлемді толықтырыңыз.

Менің басым, _____ ауырып тұр.

- A) көз
- B) көзім
- C) көзің
- D) көзі

 9. Сұрақтың жауабын табыңыз.

Қандай шағымыңыз бар?

- A) тұрақты қан қысымым жүз де сексен
- B) жүрегім ауырып тұр.
- C) салмағым 56 келі.
- D) менің жасым 27-де.

151

Оқылым

A1 ҚАРАПАЙЫМ ДЕҢГЕЙІНЕ АРНАЛҒАН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

 Мәтінді оқыңыз.

Анар бүгін №3 емханаға барды. Анардың қызуы көтеріліп, басы ауырып тұр. Дәрігер Анарға қан талдауларына жолдама берді. Ол таңертең қан тапсырады.

1. Дұрыс нұсқасын белгілеңіз.

Анар қайда барды?

- A) дүкенге
- B) мектепке
- C) емханаға
- D) қалаға

2. Дұрыс нұсқасын белгілеңіз.

Анардың қай жері ауырып тұр?

- A) көзі
- B) жүрегі
- C) аяғы
- D) басы

3. Дұрыс нұсқасын белгілеңіз.

Анар нешінші емханаға барды?

- A) екінші
- B) үшінші
- C) төртінші
- D) бесінші

4. Дұрыс нұсқасын белгілеңіз.

Дәрігер Анарға _____ жолдама берді.

- A) дәріге
- B) емханаға
- C) дәріханаға
- D) қан талдауларына

152

5. Дұрыс нұсқасын белгілеңіз.
Дәрігер Анарға не берді?
А) дәрі
В) жолдама
С) дәке
Д) су

ТЫҢДАЛЫМ

1. Дұрыс нұсқасын белгілеңіз.
Әсел қайда жұмыс істейді?
А) мектепте
В) дүкенде
С) ауруханада
Д) балабақшада

2. Дұрыс нұсқасын белгілеңіз.
Әселдің мамандығы кім?
А) мейірбике
В) сатушы
С) дәрігер
Д) мұғалім

6. Дұрыс нұсқасын белгілеңіз.
Анар қашан қан тапсырады?
А) бүгін
В) ертең
С) таңертең
Д) кеше

3. Дұрыс нұсқасын белгілеңіз.
Әселдің ұлты кім?
А) орыс
В) қазақ
С) кәріс
Д) түрік

4. Дұрыс нұсқасын белгілеңіз.
Әсел _____ бөлімінде
мейірбике.
А) тіркеу
В) хирургия
С) рентген
Д) жансақтау



QR-кодты қосымшасы
арқылы тыңдаңыз.